

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019  
ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек



**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 398 (574)

**КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ****Ноғайбаева М.С.<sup>1</sup>, Тоқсанбаев А.К.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, қауымд. профессор, т.ғ.к.,<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, PhD докторант. Алматы қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** Мақалада көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы, биліктің ішкі саяси құрылымы, халық пен билеуші арасындағы диалог, билеушілердің маңызды шешімдер қабылдаудағы ұстанған принциптері, көшпелі мемлекеттің экономикалық даму ерекшеліктері, көшпелі халықтың кеңістікті танып-түсінудегі дүниетанымы, тұрмыс-салттық ерекшеліктері мен билеушінің мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерінің көне аңыз-ертегілер мен мифтерде көрініс табу мәселесі қарастырылған. Көне сақ, ғұн және түркі дәуірінен келе жатқан аңыздардағы билеушілердің қабылдаған шешімдері сараланды. Аңыз-әңгілемер, мифтер мен ертегілерді зерттеудің маңыздылығы анықталды.

**Түйін сөздер:** көшпелі қоғам, билеуші бейнесі, аңыз, ертегі, миф, фольклор, дүниетаным

**ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ****Ноғайбаева М.С.<sup>1</sup>, Тоқсанбаев А.К.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, к.и.н. ассоц. профессор Алматы г., Казахстан<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD докторант Алматы г., Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается социальная структура кочевого общества, внутренние политические формирование власти, диалог между правителя и народа, придерживанные принципы правителя при принятии важные решения, особенности экономической развития кочевого общества, мифология кочевников в понимании окружающей среды, особенности традиции, психологические особенности поведения правителя в проявлениях в легендах, сказках и мифах. Анализируется особенности поведения правителя из сакских, гуннских и тюркских легендах. Выявлено важность исследований легенд-сказок и мифов.

**Ключевые слова:** Кочевое общество, образ правителя, легенда, сказка, миф, фольклор, мифология.

**THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY****Nogaybaeva M.S.<sup>1</sup>, Toksanbaev A.K.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University, Assoc. Professor, Almaty, Kazakhstan<sup>2</sup>al-Farabi Kazakh National University, PhD Student, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The article considers the social structure of the nomadic society, the internal political formation of power, the dialogue between the ruler and the people, the principles of the ruler adhered to when making important decisions, the features of the economic development of the nomadic society, the

nomadic mythology in understanding the environment, the traditions, the psychological characteristics of the ruler's behavior in manifestations legends, tales and myths. The features of the ruler's behavior from Saka, Hun and Turkic legends are analyzed. The importance of the study of legends, tales and myths is revealed.

**Keywords:** Nomadic society, image of a ruler, legend, fairy tale, myth, folklore, mythology.

### **Кіріспе**

Аңыз, эпос, ертегі жалпы фольклорлық деректерден ерте көшпелілер қоғамының әлеуметтік құрылымы, билеушілердің алатын орны, олардың атқарған қызметінің ерекшеліктері танылады. Көшпелі халықтың табиғи өмір сүру дағдылары, бақташылық, аңшылық дәстүрлері және әлеуметтік ортасы, билік құрылымы, халық пен билік арасында диалог – мұның барылығын да қазақ халқының өнері мен мәдениетінің қайнар көздерінен, жоғарыда атап өткен көне аңыз-ертегілер, эпостық жырлардан таба аламыз. Қазақ қоғамында халық арасында кең таралған түрлі ертегі, әңгімелердің түп-түқиянына үңіліп қарайтын болсақ, көшпелі қоғамның күнделікті тіршілігі, қоғамдық құрылысы, халық пен билеушінің қарым-қатынасы, билік құрылымының кейбір жекелеген сюжеттерін байқауға болады. Дегенмен қазақ ертегілерін зерттеушілер, бұл жанрдағы шығармалардың түрлері көп әрі өзгермелі болып келетінін айтады [С.А. Каскабасова, 1972: 161-166.].

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланың материалдық негізі көшпелі қоғамдағы билеушілер бейнесінің ауыз әдебиетінде, көне аңыздар мен әңгімелерде, ертегілер мен мифтерде кездесуі болып табылады. Негізгі мағлұматтар көзі көне заманнан бүгінге дейін халық арасында ауызша таралып жеткен сақ, ғұн және түрк билеушілері жөніндегі аңыз-әңгімелер мен ертегілер құрайды. Әдістемелік негіз ретінде негізінен дәстүрлі зерттеу әдістері қолданылды, оның ішінде мәліметтерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, пікірлер мен ой қорытындыларды топтастыру. Көшпелі қоғамдағы билеушінің бейнесінің аңыз-әңгімелерде көрініс табуына қатысты зерттеу жұмыстарын шолу барасында негізінен объективтілік зерттеу принциптері басшылыққа алынды. Мәліметтерді талдау барысында бір мәселенің әртүрлі көзқараста зерттелуіне қарай зерттеу элементтерінің үздіксіз өзгерістерін есепке алу әдістері қолданылды. Бізге дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарына тұтас назар аударған сәтте зерттеудің жүйелеу тәсілдері пайдаланылды. Тарихи мәліметтерді анықтау, ғылыми деректерді жүйелі талдау, жекелеген пікірлер мен ой қорытындыларды жете түсінуде, отандық және шет елдік зерттеу жұмыстарының өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау мақсатында тарихи салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Дерек көздерін талдауда баяндау, түсіндіру, болжау әдістері, сонымен қатар, ғылыми деректерді жинап, жүйелеп, талдап, өзіндік баға беру кезінде индукциялық (жалпыдан жекеге қарай) зерттеу тәсілдері пайдаланылды.

### **Талқылау**

Қазақ ертегілерінің ішкі құрылымына назар аударатын болсақ, кейбір сюжеттерде басқа да түркі халықтарымен ортақ образдардың болатынын да көруге болады. Кейбір ертегілердің мазмұны синкретистік пішінде болады. Бірақ ойдан шығарылған түрлі жанрлардың бастауында көшпелі қоғамға тиесілі сюжетті байқауға болады. Тіпті түрлі мифтік образдармен, дүлей күштермен күш сынасатын батырлар сюжеті де осы көшпелі қоғамдағы дүниетаныммен сабақтастық табады. Мәселен батырлық мінез-құлық пен күш-қуатты сипаттайтын «Еркем-Айдар», «Хан Шентей», «Сары Сағиба туралы ертегі», «Әлібек батыр», «Садықбай батыр» секілді көне ертегілер сының айғағы іспеттес [С.А. Каскабасова, 2014: 8.]. Қазақ ертегілерінің

мазмұнында ерте кезеңдегі тіршіліктің іздері сақталғанын байқауға болады. Олардың қатарында қоғамдағы дуальды ұйымдасу әрекеттері, матриархаттық басқару формасы, алғашқы қауымдық діни сенімдерге жататын анимистік, тотемистік, магиялық, табу және шаманистік наным-сенім жұрнақтарын атап айтуға болады. Аталған тұрмыс-салттық сарқыншақтар көшпелі қоғамның әлеуметтік ортасында орын алған жағдайлар екендігі белгілі. Тіпті кейбір ертегілерде көне дәуірлерге тән әлеуметтік институттар мен жосындарды көреміз. Мәселен, белгілі бір ханның қызын алу үшін адамның қолынан келмейтін тапсырмалар беру арқылы сынау, әйелдердің тылсым күштерден жүкті болып, ғажайып батыр ұлды дүниеге әкелуі және т.б. әрекеттер тотемистік сипаттағы матриархаттық қоғамның мысалын көз алдымызға елестетеді. Бірақ аталған оқиғалар халық арасында қиял-ғажайып тұрғысынан қаралып, ол мысалдардың ерте кезеңдегі халықтардың қоғамындағы тұрмыс-салт, әлеуметтік жүйемен байланысты өрбіп отырғанына аса көп мән беріле бермейді. Матриархалдық қоғамның қарама-қарсы бейнесі патриархалдық қоғамның белгілерін де ертегілерден анықтауға болады. Мәселен әкенің шексіз, абсолютті билікке ие болуы, ақыл-кеңес беруші ақсақал бейнесі және т.б. Жалпы қазақ ертегілері патриархалды-феодалдық қоғамға тән көне дәуірдегі сюжеттер, мотивтер мен образдарды сипаттайды. Қазақ ертегілерінің сюжеттік құрамына үңілетін болсақ, өзінің әмбебаптығымен ерекшеленеді. Өзінің шығу тегі жағынан, әрі типологиялық құрылымына сай қазақ ертегілері алтай (түркі-моңғол) халықтарымен бір арнада тоғысып, ұзақ жылдарға созылған тарихи-мәдени және экономикалық байланыстардың бар екендігін көрсетеді. Осы себептен қазақ ертегілерінің мифологиялық сюжеттерінде «адамдардың бірігуі» мәселесі, билік құрылымының түрлі қырлары жиі көрініс табады [В.М. Жирмунский, 1958: 5].

### **Нәтижесі**

Отандық фольклортануда миф жанрына қатысты зерттеулер жиі кездеседі. Дегенмен зерттеушілер мифтердің жанрлық түсініктеріне әртүрлі көзқараста қарап келеді [Х. Сүйіншәлиев, 1967: 75-84.]. Кейбір зерттеулерден біз мифтердің құрылымында антикалық кезеңнің белгілерін, мифологияның көркемдік негізде дамуын көрсек, енді біреулерінде көне замандағы іс-әрекеттердің құрылымын, діни-салт жоралғылардың белгілерін байқаймыз. Бұл ретте мифологиялық сюжеттер түрлі аңыз және ертегілермен ортақ образдарға ие болып, өзара байланысып кетеді. Мұның бәрін екі топта қарастыруға болады.

Бірінші, әлемді таңғажайып негізде көру, жоғары күшке ие құдай немесе жындар бейнесіндегі жүйемен байланысты мифологиялық сюжеттер.

Екінші, белгілі бір дәлелдерге негізделген мифтер – ауызша тарихи сюжеттер, батырлар, қоғамдық құрылыс сипаттары туралы. Бірақ әлем халықтарының (Австралия, Мұхиттық аралдар, Африка, Сібір халықтары және т.б.) мифологиясын зерттеуде, ондағы оқиғалардың тек ауызша түрде қалыптасқанын көреміз.

Үшінші, кейбір ертегілердегі мифологиялық көріністер белгілі бір ғұрыптық жосындардан да көрініс табады. Көп жағдайларда аталған аймақ тұрғындары миф пен басқа да фольклорлық жанрдың арасындағы айырмашылықтарға үңіле бермейді. Мұның барлығы да мифтердің өте көне заманнан бастау алатынын анықтап қоймай, нақты анықтауға келмейтін өзіндік күрделі жанр екендігін көрсетеді. Көшпелі қоғамның алғашқы қалыптасу және даму сатыларындағы сақ, ғұн, түркі және бүгінгі қазақ халқының арасында таралған аңыз оқиғалар, сол аталған халықтардың тұрмысын анық сипаттайды.

### **Негізгі бөлім**

Көне заманнан бастау алатын аңыз-мифтік сюжеттерден көшпелі қоғамның ішкі құрылымы, сол кезеңдегі халықтардың дүниетанымы, тұрмыс-салттық ерекшеліктері, діни-ғұрыптық

жосындары мен діни көзқарастары, әлеуметтік құрамы мен құрылымын анықтауға болаатынын жоғарыда атап өттік. Мәселен көне Алтайлық аңыздардан «көк тәңір», «ұмай ана», «жын ерлік», «майтөре алып», «от ана», «жер-су», «әлемнің дүние бөліктерге бөлінуі» секілді кейіпкерлер мен оқиғаларды көреміз [Е. Ғарифолла, 2006.]. Шындығында көшпелі қоғамның наным-сенімдері тәңірге табынушылық, шамандық үрдістермен тікелей байланысатындықтан, халықтың дүниетанымдық көзқарастары осы аңыздарда сақталғаны байқалады. Жалпы көне Алтай мифтері түркі халықтарының діни көзқарастарын зерттеуде алғашқы дереккөздердің бірі болып саналатыны анық.

Қазақ халқының сана болмысының тарихи негіздері дегенде әңгіме басы сонау замандағы қазақ жеріндегі түркі тілдес тайпалар мен тайпалық одақтардың түркі тіліндегі қалыптасқан дүниетанымына келіп тіреледі. Кез келген халықтың ойлау мәдени кеңістігі болатыны белгілі. Халық болған, қазақтың арғы ата-бабалары мемлекет болып қазақ жерінде өмір сүрген. Көшпелілер өркениетін жасаған. Қазақ халқының ойлау мәдени кеңістігі алғашқы мәдени-тарихи, бүгінгі қазақ этносын құраушы ру, тайпалардың тарихына, тұрмысына, мәдениетіне қатысты анықталмақ. Тарихқа белгілі ғұндар империясы, түрік қағанаты, қыпшақ мемлекеті және басқа тарихи хронологиялық негізде дамыған халықтардың құрамындағы тайпалардың қалыптасқан дүниетанымының түп бастаулары көне аңыз-ертегілер мен мифтерінде әр түрлі қырынан көрініс табады.

Бүкіл көшпелі түркі халықтарына ортақ, көне заманда тасқа жазылған Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері, оғыз заманында пайда болған “Оғызнаме”, “Қорқыт ата кітабы”, ноғайлы дәуіріне жататын “Қоблынды батыр”, “Ер Тарғын” эпостары”, Жоңғар шапқыншылығы кезінде елін қорғаған Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Бөгенбай батырлар туралы тарихи жырлардың барлығының мазмұны ер азаматтың қайсарлығы, халықты басқару әдістері, жауынгерлермен қарым-қатынас ерекшеліктері, ханның әскербасыларға деген құрметі, батырларына ерлігіне қарап ат қою дәстүрлері көрініс табады.

Қазақ ертегілері мен аңыздарында дала диалектикасы айрықша орын алған. Сондықтан да бұл аңыздар мен ертегілерде табиғаттағы тірішілік көздері адамдармен араласып, біресе олар адамдармен достасса, бірде олардың қас жауы болып табылады. Сондықтан да қазақтың ертегілері өз мазмұны жағынан өмірді суреттегенде оның шындығын әрі батыл, әрі айқын бейнелейді. Мысалы, «Еділ мен Жайық» ертегісінде жалмауыз, жезтырнақ деген залымдар ағайынды екеуін бөліп, біреуін (Жайықты) өлтіреді. Еділ түбінде осы сиқырдың, жалмауыздардың көзін жояды. Содан кейін халық тыныш болып, мал құрап, ел болады. Байқап отырсақ, аталған ертегінің саяси астары бар екені көрініп тұр. Қазақтың үлкен екі өзені Жайық пен Еділдің бір-бірінен ажырасып басқа жат жұртқа қолды болуы, яғни жалмауыз әйелдің (ол әйел орыс патшасы Екатерина екінші болуы да мүмкін) аузына түсуі, ол өз есінен айрылып Орал атануы да осы ертегілердегі оқиғалармен өзара ортақ түсінік тудырады [Т.Ы. Әбжанов, 2003: 17-18.].

Сақ қоғамына қатысты аңыздардың ішінде «Тарғытай мен оның балалары», «Киммериялық патшалар туралы аңыз», «Скифтердің жеті құдайы», «Андық стиль», «Грифондар» және т.б. сюжеттер көшпелілер әлемінің моделін анық көрсетеді. Мәселен «Скифтердің жеті құдайы» туралы аңыздың құрылымы жеті санының ғұрыптық нышанын көрсетіп, космогониялық сипатта анықтама береді. Жалпы скифтердің әлемдік түсінік туралы моделі түркілердегі әлем туралы түсініктерімен өзара астасып, тығыз байланыс құрайды. Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына түріктердің мифологиялық ертегілері, хайуанаттар жайындағы ертегілер; реалистік (тұрмыс салт) ертегілерінің де үлкен әсері болды. Бұл ертегілер өте ерте заманда адамның табиғат сырын әлі толық түсініп болмаған кездерде туған. Табиғаттың тілсіз күштерін мифтік ойлаумен образдап, соған адам әрекеттің қарсы қоятын қиял-ғажайып аңыз-



ертегілері осы ізде туған. Көшпенділердің аңыздарының бір ерекшелігі оның жалпы халықтық мазмұндылығында ақиқат болғандығы. Қазақ аңыздарында көшпелі елдің төл ерекшелігі, белгілері бірден байқалады. Себебі олар тұрмыс-салтымыздың, болмысымыздың негізінде туған аңыздар. Осындай дала аңыздары ішінде халық арасында Қорқыт, Асан қайғы туралы аңыздарды атап айтуға болады [К.Толысбай, 2006: 18.]. Жалпы айтар болсақ, көне шығыс пен түркі мәдениетінен нәр алған қазақ аңыз ертегілерінің көшпелілер рухани болмысымен біте қайнасқан ауыз әдебиеті, фольклор, эпостық жырлар, сал серілер, ақын жыраулар шығармашылығы, халық даналығының қазақ философиясының қайнар көз, алғы бастауы болды деп айта аламыз. Қазақтардың мифологиялық тарихи даму жолында генотиптік діни жүйелер басым болды. Бұл ұғымға профессор Т. Ғабитов төмендегідей анықтама береді: «Генотиптік діни жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән ілкі ата текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады. Генотиптік сенімнің орталық бейнесі – "аруақ". Ата-баба аруағын қастерлеу – сақтар заманынан осы күнге дейін жалғасқан дәстүр. Қазіргі күндері ел мен жерді жаудан жан аямай қорғап, ерлігімен, әділеттілігімен көзге түскен, сол арқылы халық жадында сақталған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сияқты батырларды, Төле, Қазыбек, Әйтекедей билерді қастерлеп, оларға атап ас беру – осы дәстүр көрінісі» [Т.Х. Ғабитов, 2006: 96.].

Ғұн қоғамындағы мифтік сюжеттер мен образдар да көшпелі қоғамның жаугершілік жағдайдағы іс әрекеттері, маңызды шешімдер қабылдаудағы ұстанған принциптері сөз болады. Мәселен ғұн тәңірқұттарының билікті бөлу, мемлекет үшін жердің маңызды орын алатыны, мемлекеттік құрылымдағы маңызды орындар, халық үшін ең қажетті органдар туралы мәліметтер бізге ауызша жетіп отыр. Ғұн шаныюінің үйсін қызына үйленудегі оған 1000 жылқы қалың мал беруінің [А.Н. Бернштам, 1951: 52.] өзі бүгінгі ғұрыптардың көне заманмен өзара сабақтастығы бар екендігі, жануардың белгілі бір өлшемдер мен есептесулерде сандық мөлшерінің маңызды орын алғандығы байқалады.

Тура осы көріністердің өзгерген формасын түркі кезеңіндегі халықтардан да көре аламыз. «Ергенеқон» поэмасындағы кейіпкерлердің тотемистік сенімдермен байланысты болатыны, түркі мемлекетінің негізін қалаған Ашина тайпасының өз бастауын бөріден алатыны да осы сенімнің бір сипаты іспеттес. Қанатты тұлпарлар мен басқа да жекелеген кейіпкерлер туралы аңыздар да көшпелі қоғамның белгілі бір қырларын анық сипаттап, оның ішкі құрылымы туралы маңызды ақпарат көзі бола алады.

Көшпелі халықтар түрлі мифологиялық бейне символдармен аттардың ер-тұрмандарын әшекейлеп қана қоймай, құстай ұшқыр сәйгүліктердің суреттерін де қасиетті бейне ретінде өздері тұтынған басқа заттарға да салды. Көшпелілердің өнер ескерткіштерінде жиі кездесетін осындай жылқы бейнелерінің ішінде «қанатты аттар» суреттерін ерекше атау керек. Қазақтардың ата тегі болып саналатын, үйсін, ғұн, сақ-скиф тайпаларының бейнелеу өнерінде осындай аттар бейнесі кездесіп отырады. Мысалы, Қарғалыда табылған, көне үйсін заманына жататын (б.з. дейінгі II-I ғасырлар) алтын диадемада осындай қанатты екі аттың бейнесі бар. Олар диадеманың жоғарғы бөлігінің оң және сол жағында, басқа бейнелерден биіктеу, жоғары орналастырылған. Олардың денесінің алдыңғы жағында құстар секілді қос қанаттары бар [Қазақ халық әдебиеті, 1988: 51.]. Шығыстан батысқа дейін созылған Кең Даланы мекендеген байырғы көшпелі халықтардың көне өнеріндегі қанатты аттың бейнесінің біркелкілігі, оның ертеде қалыптасқан, бұл халықтардың бәріне ортақ, олардың өз ортасында пайда болған тұрақты мифтік бейне екенін дәлелдейді. Байырғы көшпелілердің бейнелеу өнерінде мифтік қанатты аттарды бейнелеуде ортақ бір бейнелік канон (тұрақты үлгі) қалыптасқанын да көреміз. Әрине, жылқы өсіріп мал баққан көшпелі халықтардың мифологиясында жылқының мифтік бейнеге айналмауы мүмкін емес еді. Көшпелілердің қанатты аттар бейнесі – олардың өздері өсіріп, ұстанған жылқы, құстардың

бейнесінің негізінде жасалған синтетикалық күрделі мифтік бейнелер. Көшпелі халықтардың көне мифологиясына қатысты нақтылы деректер сақталмағандықтан, бұл мифтік бейненің ішкі мағынасын түсініп білу үшін біздер көне мифтік-поэтикалық көптеген түсініктер сақталған қазақтың ауыз әдебиетіндегі қанатты тұлпарлардың мифтік бейнесінің мазмұнына көңіл аударуымыз қажет.

Сақ-скиф өнер ескерткіштеріндегі алтынмен жасалынған аттар сияқты, қазақ ертегілерінде де ұшатын алтын аттар кездеседі (мысалы, «Алтын ат» ертегісі) [Қазақ халық әдебиеті, 1988: 113-115.]. Көне мифологиялық түсініктер бойынша алтын түс күнмен, аспан әлемімен байланысты екенін ескерсек, өнер ескерткіштерінде де, ауыз әдебиетінде де қанатты аттардың алтынмен байланысты болуы кездейсоқ емес, әу баста қалыптасқан, көшпелі халықтардың көне дүниетанымындағы жоғарғы дүние (аспан дүниесі) өкіліне тән мифтік сипат екенін түсінеміз. Қазақтардың түсінігінде қасиетті жылқыны «Пырақ» деп атау кездеседі. Жалпы «пырақ» бейнесі Ислам мифологиясында кездесетін жануарды да, көне түркі мифологиясындағы, кейін қазақтардың да дәстүрлі мифологиясындағы қанатты тұлпар бейнесін де бойына сіңірген, қазақтардың өзіне ғана тән күрделі мифтік бейне болып кетті. Мифологиялық дүниетанымды діни дүниетаным ауыстырғанда қанатты тұлпарлармен байланысты көне мифологиялық түсінік қазақтардың санасында енді осы бейнеде өз жалғасын тапты.

Көне аңыз-әңгімелер, мифтер мен ертегілердің бір бөлігі ғарыштық, космогониялық түсініктер көрініс табады. Мәселен, аңыз-ертегілерде жиі кездесетін «күн мен ай» бейнесі, жекелеген жұлдыздарға арналған бейнелер, оның ішінде «Үркер», «Сүмбіле», «Шолпан», «Жеті қарақшы», «Темір қазық» бейнелері де дала заңына сәйкес кеңістікті елестету формасын көрсетеді [М.Каратаев, 2008: 144-147.]. Атаулар мен ондағы сюжеттер де көшпелі қоғамның тұрмыс жағдайымен байланысты өрбиді. Қазақтың ата тегінің еңбек әрекетімен, сан мың шақырымдық көш жолдарының белгілі бір күн мен айға байланысты басып өтілуін белгілеумен кеңістік ұғымы басталады [Г.М. Балмахаев, 2010: 191-195.]. Кеңістік бет-бағдары ежелгі қазақтар есігінің шығысқа бағытталуымен ерекшелінеді. Ғұндар жайлы былай делінген: «Шаньюй ертемен күнге табыну үшін, кешке қарай айға табыну үшін шығады» [А.Н. Бернштам, 1951: 76.]. Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған, Монғолиядан айырмашылығы осында [Ч.Ч. Валиханов, 1985: 46.]. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан көрінеді [Л.Р. Кызласов, 1966.]. Тіптен, көне түрік тілінде Шығыс алдыңғы жоқ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік-оң, солт-сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері-күншығыс, оңға-түстік, кейін-батыс, солға терістік» [Ғ. Айдаров, 1996:13.]. Бұл көшпелілердегі кеңістіктің орналасуының қатаң тәртібін бекітті. Сонымен, көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы, биліктің ішкі саяси құрылымы, халық билеуші арасындағы диалог, билеушілердің маңызды шешімдер қабылдаудағы ұстанған принциптері, көшпелі мемлекеттің экономикалық даму ерекшеліктері, көшпелі халықтың кеңістікті танып-түсінудегі дүниетанымы, тұрмыс-салттық ерекшеліктері мен билеушінің мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері көне аңыз-ертегілер мен мифтерде анық көрініс тапқан. Жоғарыда атап өткендай, көп жағдайда аңыздық кейіпкерлер мен ондағы оқиғалар көркемдеп, ойдан құрастырылғандай түсінік орнатқанымен, шындығында, оның арғы жағында күрделі құрылымға негізделген халық тіршілігінің сарыны жатқанын көруге болады.

### **Қорытынды**

Көшпелі қоғамдағы билеуші бейнесінің аңыз-ертегілердегі көрінісін анықтауда қазақ фольклоры, көне ертегі-аңыздар, мифтер мен басқа да салттық, ғұрыптық жосындарды талдау мәселесі өзінің өзектілігін көрсетіп отыр. Сақ, ғұн және түркі кезеңіндегі көшпелі халықтардың

элеуметтік құрылымы, билеушінің бейнесі, сол кезеңнен бері сақталып келе жатқан аңыздардан анық байқалып отыр. Сақ патшаларыны (патшайымдарының) соғыс жағдайларындағы және бейбіт өмірдегі ұстанған принциптері, маңызды шешімдер қабылдаудағы мінез-құлық психологиясын осы халық арасында таралып, бүгінге дейін жеткен аңыздардан көреміз. Мәселен, Томирис патшайымның ерліктері, жеке бас пайдасынан ел мүддесінен жоғары қоюы, күрделі әрі ауыспалы мағынадағы хатты Парсы патшасына жіберуі және т.б. Мұндай мысалдарды ғұн билеушісі Мөденің іс-әрекетінен де көреміз. Түркі кезеңіндегі Түркеш қағаны Сұлудың жасаған ерліктері мен өзге елдің елшісімен сұхбат құрудағы ақыл-ой тереңдігі мен мінез-құлық психологиясының қатаң тәртіпке негізделген бейнесін анық байқаймыз. Мұндай сипаттауды батырлар жыры, түрлі дастандарға негізделген қазақ фольклорынан да көптеп табуға болады. Көшпелі қоғамның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері, билеушінің түрлі образдардағы кескіні және мемлекеттік құрылымының кейбір жекелеген аспектілерін қарастыруда ауызша мәліметтер, оның ішінде аңыз-ертегілер мен көне фольклорлық мәліметтерді назардан тыс қалдырмаған дұрыс деп есептейміз.

#### Әдебиеттер

- Қасқабасов С.А. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата, 1972. – С. 161-166.  
 Қасқабасов С. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Т.3. – Астана: Фолиант, 2014. – 424 с.  
 Жирмунский В.М. Эпическое творчество славянских народов и проблемы сравнительного изучения эпоса // IV Международный съезд славистов. – М., 1958, С. 5.  
 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1967. – 75-84-бб.  
 Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2006.  
 Әбжанов Т.Ы. Қазақ философиясының рухы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 96 б.  
 Тольсыбай Кенжалы. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк – Пресс, 2006. – 169 б.  
 Ғабитов Т.Х. Философия. – Алматы, 2006. – 183 с.  
 Бернштам А. Н. Очерк истории гуннов. - Ленинград: ЛГУ. 1951. – 256 с.  
 Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 3: Қиял–ғажайып ертегілер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 280 б.  
 Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – Т. 2: Ертегілер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.  
 Каратаев М. Природа эстетического в казахском героическом эпосе / Кочевники-Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы, «Гылым». – 2008. – С. 144-147.  
 Балмахаева Г.М. Экологические архетипы кочевой культуры // ҚазККА Хабаршысы. №4 (65). – 2010. – С. 191-195.  
 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1985. Т. 4. – 300 с.  
 Кызласов Л. Р. О значении термина «балбал» древнетюркских надписей // Тюркологический сборник. – Москва: 1966. – С. 266-276.  
 Айдаров Ғ. «Күлтегін ескерткіші». – Алматы. 1996. – 177 б.

#### References

- Kaskabasov S.A. Kazhaskaya volshebnyaya skazka. – Alma-Ata, 1972. – S. 161-166.  
 Kaskabasov S. Fol'klornaya proza kazahov. Izbrannyye issledovaniya. T.3. – Astana: Foliant, 2014. – 424 s.  
 Zhirmunskij V.M. Epicheskoe tvorchestvo slavyanskikh narodov i problemy sravnitel'nogo izucheniya eposa // IV Mezhdunarodnyj s"ezd slavistov. – M., 1958, С. 5.  
 Syjinshaliev X. Qazaq adebietining qalyptasu kezengderi. – Almaty, 1967. – 75-84-bb.  
 Garifolla Esim. Qazaq filosofiyasynyng tarihy. – Almaty: Qazaq un-ti baspasy, 2006.  
 Abzhanov T.Y. Qazaq filosofiyasynyng ruhy. – QaraGandy: QarMU baspasy, 2003. – 96 b.  
 Tolysbaj K. Asan QajGy. – Almaty: Dajk – Press, 2006. – 169 b.  
 Gabitov T.H. Filosofiya. – Almaty, 2006. – 183 s.  
 Bernshtam A. N. Ocherk istorii gunnov. - Leningrad: LGU. 1951. – 256 s.  
 Qazaq halyq adebieti: Kop tomdyq. – T. 3: Qiyal–Gazhajyp ertegiler. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 280 b.  
 Qazaq halyq adebieti: Kop tomdyq. – T. 2: Ertogiler. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 288 b.  
 Karataev M. Priroda esteticheskogo v kazhskom geroicheskom epose / Kochevniki-Estetika: Poznanie mira tradicionnym kazhskim iskusstvom. – Almaty, «Gylym». – 2008. – S. 144-147.  
 Balmahaeva G.M. Ekologicheskie arheotipy kochевой kul'tury // QazKKA Habarshysy. №4 (65). – 2010. – S. 191-195.  
 Valihanov CH.CH. Sobraenie sochinenii. – Alma-Ata, 1985. T. 4. – 300 s.  
 Kyzlasov L. R. O znachenii termina «balbal» drevnetyurkskikh nadpisej // Tyurkologicheskij sbornik. – Moskva: 1966. – S. 266-276.  
 Ajdarov G. «Kyltegin eskertkishi». – Almaty. 1996. – 177 b.

## МАЗМҰНЫ

<b>Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А.</b> ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ.....	5
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921).....	24
<b>Әділжанов Н.Б.</b> Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ..	32
<b>Әминов Т.</b> ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.....	41
<b>Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ.....	56
<b>Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С.</b> БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу).....	68
<b>Далаева Т.Т.</b> МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	76
<b>Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О.</b> ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ.....	86
<b>Еришева Т.А.</b> АТАТҮРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	94
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ.....	100
<b>Жолдыбаев О.М.</b> КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ.....	105
<b>Жуманова А.З.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ.....	112
<b>Кабдушев Б.Ж.</b> НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.....	123
<b>Камалов А.К., Ужкенов Е.М.</b> ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай).....	132
<b>Мұхитов Қ.</b> КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	138
<b>Мырзабекова Р.С.</b> АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	145
<b>Мырзабекова Р.С.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ.....	154
<b>Мырзатаева З.Б.</b> ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. XVIII – XIX ҒҒ.....	161
<b>Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К.</b> КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ.....	174
<b>Опабекова Ғ.П.</b> АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	181



<b>Ошан Ж.</b>	
ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЬЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР.....	189
<b>Сәкен С.И.</b>	
ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	193
<b>Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.</b>	
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....	206
<b>Төлеубаев Ә.Т.</b>	
ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР.....	217
<b>Төлеубаев Ә.Т.</b>	
САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.....	226
<b>Шілдебай С.Қ.</b>	
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР.....	238
<b>Шілдебай С.Қ.</b>	
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	247

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А.</b> ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН».....	5
<b>Альжаппарова Б.К.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
<b>Альжаппарова Б.К.</b> СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.).....	24
<b>Адилжанов Н.Б.</b> РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА.....	32
<b>Аминов Т.</b> ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ.....	41
<b>Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н.</b> ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	56
<b>Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С.</b> ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи).....	68
<b>Далаева Т.Т.</b> ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.).....	76
<b>Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О.</b> АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	86
<b>Еришева Т.А.</b> ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	94
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР.....	100
<b>Жолдыбаев О.М.</b> ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ».....	105
<b>Жуманова А.З.</b> ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА.....	112
<b>Кабдушев Б.Ж.</b> НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА.....	123
<b>Камалов А.К., Ужкенов Е.М.</b> ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА).....	132
<b>Мухитов К.</b> ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК.....	138
<b>Мырзабекова Р.С.</b> ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ.....	145
<b>Мырзабекова Р.С.</b> РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	154

<b>Мырзатаева З.Б.</b>	
ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв.....	161
<b>Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К.</b>	
ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ.....	174
<b>Опабекова Г.П.</b>	
МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ.....	181
<b>Ошан Ж.</b>	
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ.....	189
<b>Сакен С.И.</b>	
ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА.....	193
<b>Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.</b>	
РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ.....	206
<b>Толеубаев А.Т.</b>	
НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ.....	217
<b>Толеубаев А.Т.</b>	
САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...	226
<b>Шилдебай С.К.</b>	
ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР.....	238
<b>Шилдебай С.К.</b>	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ.....	247

## CONTENTS

<b>Alpysbaeva K.B., Oralbek A.</b> HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC.....	5
<b>Alzhapparova B.K.</b> SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	13
<b>Alzhapparova B.K.</b> SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	24
<b>Adilzhanov N.B.</b> THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY.....	32
<b>Aminov T.</b> DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS.....	41
<b>Apendiyev T., Konkabayeva A.</b> KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE.....	56
<b>Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S.</b> SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA).....	68
<b>Dalayeva T.T.</b> FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY).....	76
<b>Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B.</b> THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS.....	86
<b>Yerisheva T.A.</b> THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN.....	94
<b>Zhailybayev D.</b> THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH.....	100
<b>Zholdybayev O.M.</b> “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE.....	105
<b>Zhumanova A.</b> LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY.....	112
<b>Kabdyshev B.Zh.</b> NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION.....	123
<b>Kamalov A.K., Uzhkenov E.M.</b> SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev).....	132
<b>Mukhitov K.</b> THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION.....	138
<b>Myrzabekova R.S.</b> EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES.....	145



<b>Myrzabekova R.S.</b>	
ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE.....	154
<b>Myrzatayeva Z.B.</b>	
HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX.....	161
<b>Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K.</b>	
THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY.....	174
<b>Opabekova G.P.</b>	
THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI.....	181
<b>Oshan Zh.</b>	
MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU.....	189
<b>Saken S.I.</b>	
THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH.....	193
<b>Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E.</b>	
THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE.....	206
<b>Toleubayev A.T.</b>	
THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN.....	217
<b>Toleubayev A.T.</b>	
THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES.....	226
<b>Shildebay S.</b>	
EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR.....	238
<b>Shildebay S.</b>	
THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN.....	247

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй